



Автор: Жиёмбаев Жомарт Тумарбекович

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Программаларды құрудың кіріктірілген ортасында есептерді шешу

Тақырып: While (уайл) циклі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.3.3.1 While (уайл) цикл операторын пайдалану
Сабақтың мақсаты:	- While (уайл) цикл операторының қызметін анықтайды. - While (уайл) цикл операторын пайдаланады
Тілдік мақсаттар:	-
Күтілетін нәтиже:	-
Бағалау критерийлері:	- While (уайл) цикл операторының қызметін анықтай алады. - While (уайл) цикл операторын пайдалана алады.
Құндылықтарды дарыту:	-Серіктестік Оқу әрекеті, соның ішінде топтағы әрекет арқылы коммуникативті дағдыларын дамыту.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	- презентация, интернет ресурстары
Пәнаралық байланыс:	Математика
Бастапқы білім:	Білу және түсіну. Қолдану.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (6 минут)	<ol style="list-style-type: none">1. Сәлемдесу.2. Оқушыларды түгендеу3. Психологиялық жағымды ахуал орнату. <p>Ынтымақтастық атмосферасы. Көңіл – күйлеріңіз қалай? Сабаққа дайындықтарыңыз қалай?</p> <p>Оқушылар мұғаліммен амандасады. Қимылмен көрсетеді. ЕБҚО мұғалімге жақын отырғызылады.</p> <p>Үй тапсырмасын тексеру. https://learningapps.org/ платформасы арқылы «For (фор) цикл» қызметші сөздерін сәйкестендіру.</p> <p>Оқушылар https://learningapps.org/ платформаны пайдалана отырып, тапсырманы орындайды. Дұрыс жауаптармен өздерін тексереді.</p> <p>ЕБҚО еш қиындықсыз сілтеме арқылы өтіп, тапсырманы орындайды.</p>	<p>https://kundelik.kz/teachers</p> <p>https://learningapps.org/watch?v=ps8ks1g1j22</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (37 минут)	<p>Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау. «Кинометафора» әдісі. Сілтеме арқылы бейнесабақты көреді Тиімділігі: Оқушының логикалық ойлау қабілеті дамиды. Оқушыларға сұрақтар қойылады.</p> <p>Мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатын толықтырып айтады. While операторы. Алдын ала берілген шарт бойынша қайталануды жүзеге асыратын бұл оператор While (оқылуы: уаил, аударылуы: әзірше) және DO (оқылуы: ду, аударылуы: орындау) түйінді сөздері қолданылып орындалады.</p> <p>Оқушылар бейнесабақтағы ақпаратпен танысып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтайды. Мұғаліммен бірге талдайды. Дәптерге While операторының программадағы жазылу үлгісін жазып алады АКТ арқылы көрсетілген бейнесабақ баланың түсінігінің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл жерде АКТ-ның көмегімен алған әсерін өмірмен байланыстыра алды.</p> <p>Тақырыпты меңгергенін анықтау. №1 тапсырма. While қайталау операторын қолданып, 15-ге дейінгі сандардың квадраттарын шығару бағдарламасын құрыңыз. Дескриптор: • While циклінің қызметін анықтайды. • While операторын бағдарламада пайдаланады. • Нәтижесін экран бетіне шығарады. №2 Тапсырма. Ашық тапсырма. N натурал саны цифрларының қосындысының жұп немесе тақ екенін анықтап, программа кодын жаз! Егер қосынды тақ болса, «1» әйтпесе «2» санын экранға шығар.</p> <p>Оқушылар берілген тапсырманың нәтижесін алу үшін Python бағдарламау тілінде кодты жазады, нәтижесін шығарады ЕБҚО-ға қосымша уақыт беріледі, мұғалім қолдау көрсетеді.</p> <p>Дескриптор: • N натурал санын енгізу кодын анықтайды. • санның неше таңбалы сан жұп әйтпесе тақ екенін анықтау кодын жазады. • программада While циклын қолданады. • нәтижесін экран бетіне шығарады. ЕБҚО тапсырмасы: ЕБҚО сәйкестендіру таратпа карточкасы беріледі. Дескриптор: • циклдық операторлардың атқаратын қызметін анықтайды. №3 Тапсырма. ФС тапсырмасы. Тақтада ФС бағытталған мәтін беріледі. Жұппен жұмыс. «Ойлан, бірік, бөліс» әдісі./Тиімділігі/: оқушылар ойына келген жауаптарды немесе идеяларды барынша көп жазады (Ойлан). Одан кейін олар өз идеяларын әріптестерімен біріктіреді (Бірік) және соңында мұғалім бүкіл сыныптың идеяларын талқылауды бастайды (Бөліс). "Бүлдірген" мәтінін оқыңыз. БҮЛДІРГЕН. Раяна және Айдана бүлдіргенді өте жақсы көреді. Әдетте, ересек бүлдірген қызыл және өте хош иісті. Жақында Раяна интернет желісінен сары бүлдірген бар екенін оқыды. Раяна сары бүлдіргенді тұқымымен өсіруді шешті. Ол (1-кестені қараңыз) ең танымал сары сұрып бүлдірген туралы кесте тауып алады. Осы сорттың құрамы жайлы талқылау үшін, өзінің сіңілісі Айдананы шақырып алады. Қыздар бірге кестені зерттей бастады. 3 тапсырмада оқушылар берілген мәтінді оқып шығып, мұғаліммен бірге тапсырманы талдайды.</p> <p>ЕБҚО сәйкестендіру таратпа карточкасы арқылы циклдық операторлардың атқаратын қызметін анықтайды. ЕБҚО тапсырмасы: мәтінді оқып, қандай сорт жидектері қыздардың талабына сай келетінін табады.</p> <p>Тапсырма. Егер Раяна мен Айдана бастапқы күні ең ұзақ сорт беретін, биіктігі 20-25 см болатын 1 тал бүлдіргенді отырғызатын болса, содан кейін әр күні сайын отырғызылатын бүлдірген санын тағайындайды. 3 өсе</p>	<p>Дерек көзі Қашықтықтан үйрену/информатика АКТ https://youtu.be/7RhjHhqcHLo</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (2 мин)	<p>Сабақты бекіту. Жабық тапсырма. (сұрақ – жауап). https://wordwall.net платформасы арқылы сұрақтарға жауап беру. • Шарт циклы дегеніміз не?</p> <ul style="list-style-type: none"> • While (уайл) цикл операторы қалай жұмыс істейді? • арт циклы қандай жағдайда жұмысын тоқтатады? <p>Сұрақтарға ауызша жауап береді</p> <p>ЕБҚО тапсырмасы:While (уайл) циклінің жазба түрін дәптерге жазады!</p>	https://wordwall.net/ru/resource/33876966
Рефлексия (2 мин)	<p>Рефлексия «Табыс сатысы» әдісі</p> <p>1 - ші баспалдағы *Мен..... БІЛЕМІН*, 2 - ші баспалдағы *Мен..... ТҮСІНЕМІН*, 3 - ші баспалдағы *Мен..... ЖАСАЙ АЛАМЫН* Оқушылар «Табыс сатысы» арқылы , сабаққа кері байланыс жасайды. ЕБҚО кері байланысты қалауынша ауызша/ жазбаша жауап береді.</p> <p>Үйге тапсырма: 4.3 тақырыпты оқып келу. 90 беттегі №5 тапсырма (дәптерге орындау).</p>	